

# **«Періштелер даналығы»**

**(психологиялық ойын)**

**Педагог-психолог: Садыкова Д.Р**

### **Мақсаты:**

- Балалардың эмоциялық жағдайын жақсарту
- Жақсылық, мейірімділік, қамқорлық ұғымдарын қалыптастыру
- Өзін және өзгені бағалай білуге үйрету
- Позитивті ойлау мен сенімділікті арттыру

### **Міндеттері:**

- Баланың ішкі сезімін ашу
- Жылы сөз айтуға үйрету
- Топта жағымды атмосфера қалыптастыру

### **Қажетті құралдар:**

- Періште бейнеленген суреттер немесе қанаттар
- Жүрекше қағаздар
- Жылы сөздер жазылған карточкалар (мысалы: мейірімдімін, ақылдымын, досқа адалмын, батылмын).

### **Ойын барысы:**

1. Балалар шеңберге отырады.
2. Психолог: «Бүгін біз – періштелер еліндеміз. Әр періштенің өз даналығы бар» - деп түсіндіреді.
3. Әр бала бір карточка таңдап алады.
4. Карточкадағы сөзді дауыстап оқиды немесе психолог оқып береді.
5. Бала сол қасиетті өзіне қатысты айтып көреді: «мен мейірімдімін», «мен досыма көмектесемін»
6. Қалған балалар оны қол шапалақтап қолдайды.

### **Талқылау:**

- Саған қай сөз ұнады?
- Бұл қасиет саған қалай көмектеседі?
- Біз бір -бірімізге қалай періште бола аламыз?

### **Нәтижесі:**

- Балалар өздерін құнды, жақсы сезінеді

- Эмоциялық жай -күй жақсарады
- Бір -біріне жылы қарым -қатынас қалыптасады.
- Өзіне деген сенімділік артады.

**Қорытынды сөз:**

«Әр бала – мейірімге толы кішкентай періште».